Қазақстан Республикасының БЭЖ-дегі жүйені қалыптастырушы желісінің рөлін Республиканың аймақтары мен іргелес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Озбекстан Республикасы) энергожүйелері арасындағы электрлік байланыстарды, сонымен бірге электр қуатын электр станцияларына беруді және көтерме тұтынушыларға тапсыруды қамтамасыз ететін ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) орындайды. Шағын станциялар, тарату қондырғылары, аймақаралық және (немесе) мемлекетаралық электр тарату сымдары мен ҰЭЖ құрамына кіретін, қысымы 220 кВ және одан да жоғары болатын электр қуатын беруді жүзеге асыратын электр тарату сымдары «KEGOC» АҚ электр желілерін басқару бойынша Қазақстандық компанияның тенгеріміне берілген.

Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтар арасындағы электр байланыстарын, сонымен қатар электр қуатын бөлшек тұтынушыларға беруді қамтамасыз етеді. Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтық электржелілік компаниялардың (АЭК) теңгерімінде

және пайдалануында болады.

Энергияны беруші ұйымдар (ЭБҰ) шарттардың негізінде көтерме және бөлшек нарықтың тұтынушыларына немесе энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдарға өзінің жеке немесе пайдаланылатын (жалға беру, лизинг, сенімгерлік басқару және өзге де пайдалану түрлері) электр желілеріне электр қуатын беруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының электр қуатымен нарықты қамтамасыз ету секторы электр қуатын қуатты өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған нүктелерден сатып алуды және түпкі бөлшек тұтынушыларға кейіннен сатуды жүзеге асыратын энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардан (ЭҚҰ) тұрады. ЭҚҰ бөлігі электр қуатын «кепілдендірілген жеткізуші» функцияларын орындайды.

Қазақстандық электр энергетикасы нарығы екі деңгейлі жүйе болып табылады: көтерме және аймақтық бөлшек нарық.

- Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме нарығының функционалдық құрылымының құрамына келесілер кіреді:

электр қуатын орталықтандырылмаған сату-сатып алу нарығы (екіжақты электр қуатын сату-сатып алу шарттары); электр энергиясын қысқа мерзімді (спот сауда), орта мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) негізде сату сатып алу мәмілелерін жүзеге асыратын электр қуатын орталықтандырылған сату нарығы; Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергиясы жүйесінде электр энергиясын өндіру тұтынудың нақты және шарттық көлемдері арасында операциялық тәулікте туындайтын сағаттық айырмашылықтарды физикалық және кейіннен қаржылық реттеу мақсаттарында әрекет ететін шынайы уақыт тәртібінде болатын нарық; мемлекеттік стандарттармен белгіленген ҚР БЭЖ жұмысының сенімділігі мен электр қуатының сапасын қамтамасыз ету үшін жүйелік және қосымша қызметтер нарығы. ҚР БЭЖ жүйелік операторы Қазақстан Республикасының электр қуаты нарығындағы субъектілерде жүйелік қызметтерді көрсетуді және қосымша қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

- Электр қуаты нарығы (енгізу 01.01.2016ж.).

Электр қуатының бөлшек нарығының қатысушылары болып қосылған қуаттылығы 1 МВт кем болатын электр қуатының барлық тұтынушылары және бәсекелестік жағдайында оларға электр қуатын сатуды жүзеге асыратын электр қуатымен қамтамасыз ету ұйымдары табылады.

Қазақстанның энергетикалық кешенінің географиялық құрылымы үш ірі аймақтан тұрады:

Солтүстік және орталық аймақ (Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Ақмола облыстары және Астана қ.). Аталған аймақтың аумағында елдің ірі қуатты өндірушілері орналасқан: Екібастұз МАЭС-1 және МАЭС-2, Ақсу МАЭС, Қарағанды ЖЭО-3, Өскемен ЖЭС, Шүлбі ГЭС. Электр қуаты өндірісінің көпшілік бөлігі Екібастұз электр станцияларына келеді (4000 МВт дейін). Осы облыстардың энергетикалық шаруашылығы біртұтас желіге біріктірілген және Ресей Федерациясының энергетикалық жүйесімен тығыз байланыста.

Оңтүстік аймақ (Алматы қ., Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары), олардың энергетикалық тенгерімдері Солтүстік аймақтан жеткізулер және Қырғызстан мен Өзбекстаннан импорттау есебінен жабылатын жетіспеушілікпен орын алады.

Батыс аймақ (Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары). Энергиялық шаруашылығы оқшау жұмыс істейтін Ақтөбе облысын қоспағанда, барлық облыстар ортақ электр желісімен қосылған. Көмірсутегі шикізатының айтарлықтай қорының болғанына қарамастан, электр қуатына деген қажеттіліктің бөлігі Ресей Федерациясынан импорттау арқылы жабылады.

Электр қуатын өндіру

2016 жылы Қазақстан бойынша электр қуатын өндіру 94 076,52 млн. кВтсағ құрады, соның ішінде:

- жылу электростанцияларымен – 74 697,1 млн. кВтсағ;
- гидроэлектростанциялармен – 11 571,5 млн. кВтсағ;
- ғазтурбиналық электростанциялармен – 432,1 млн. кВтсағ;
- КЭС и ЖЭС – 376,3 млн. кВтсағ.


Электр қуатын өндіру 2015 жылмен салыстырғанда 19 62,5 млн. кВтсағ немесе 2,1 % ұлғайды.

ЖЭС-та электр қуатын өндіру өткен жылмен салыстырғанда 1 150,9 млн.кВтсағ (1,5%) ұлғайған, Қазақстанның ГЭС 2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 534,8 млн. кВтсағ немесе 6,9% артты. Бұл кезде Қазақстанның Оңтүстік аймағының ГЭС өндірісі көлемі 414,7 млн. кВтсағ (15,2%) азайды, ал Солтүстік аймақ ГЭС өндіріс көлемі 949,5 млн. кВтсағ (19,1%) артты. Гидрологиялық жағдайға сәйкес гидроэлектрстанцияларының жұмыс тәртібі су шаруашылық орындармен, сонымен бірге шарттармен анықталды.

Қазақстанның ГТЭС электр қуатын өндіруінің артуы 270,1 млн. кВтсағ немесе 4,1% құрады.

Қазақстан бойынша 2016 жылы электр қуатын өндіру құрылымы

Структура производства электроэнергии станциями



Станциялардың электр қуатын өндіруі құрылымы

КЭС және ЖЭС

ГТЭС

ГЭС

ЖЭС

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2017 жылдың 9 айында
Белгіленген қуаттылық, соның ішінде:	МВт	341,4
жел электростанциялары	МВт	112,45
шағын ГЭС	МВт	169,79
күн электр станциялары	МВт	58,81
Биоэлектростанциялар	МВт	0,35
Электр қуатын өндіру	млн.кВтсағ	833,8
соның ішінде:		
жел электростанциялары	млн.кВтсағ	241,3
шағын ГЭС	млн.кВтсағ	506,8
күн электр станциялары	млн.кВтсағ	87,43
Биоэлектростанциялар	млн.кВтсағ	0,069
ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын	%	1,17

өндірудің жапшы көлеміндегі үлесі		
2016 жылдың баламалы кезеңімен салыстырғанда 2017 жылдың 9 айына ЖЭК нысандарының электр қуатын өндіру көлемі 13,5% құрайды.		
(МЭ РК http://energo.gov.kz/index.php?id=14801).		

Электр қуатын тұтыну

2015 жылмен салыстырғанда Қазақстанның электр қуатын тұтынуы 2016 жылы 1.4 млн. кВтсағ немесе 1.54% ұлғайды және 90,9 млн. кВтсағ. құрады. Тұтыну көлемінің ұлғаюы Қазақстанның Солтүстік аймағында 1 451,6 млн. кВтсағ (1,6%), Қазақстанның Батыс аймағында 475,7 млн. кВтсағ (4,3%) құрады. Оңтүстік аймақтың тұтынуы 393,2 млн. кВтсағ немесе 2,0% төмендеді.

2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда Қазақстанның облыстары бойынша тұтынудың айтарлықтай өсуі байқалды, мысалы Павлодар облысында 635,3 млн. кВтсағ (3,7%), Ақтөбе облысында 474,5 млн. кВтсағ (9,9%), Атырау облысында 438,6 млн. кВтсағ (10,3%). Максимальді төмендеу Қостанай облысында – 88,7 млн. кВтсағ (1,9%) және Жамбыл облысында 603,5 млн. кВтсағ (15,9%) орын алды.



(Электр қуатын тұтыну көлемі қаңтар наурыз

Электр қуатын тұтыну (млрд кВтсағ)

Жылдық өсім қарқыны

Жылдық өсім қарқынының өткен жылдың сәйкес айына қатынасы

Өнеркәсіптік өндіріс индекстері

Электр қуатын тұтыну

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК және КОРЭМАҚ)

Энергетика министрінің 2016 жылғы 26 қазандағы 2017-2023 жылдарға электр қуаты және қуаттылықтың болжамдық теңгерімдерін бекіту туралы жарлығының қосымшасынан Қазақстанда электр қуатының жетіспеушілігі 2017 жылы 13,7 млрд кВтсағ құрайтыны белгілі болды.

Құжатқа сәйкес, электр қуатының жетіспеушілігі 2017 жылы 13,7 млрд кВтсағ, 2018 жылы – 11,6 млрд кВтсағ, 2019 жылы – 9,4 млрд кВтсағ, 2020 жылы – 6,8 млрд кВтсағ, 2021

жылы – 6,5 млрд кВтсағ, 2022 жылы – 8,5 млрд кВтсағ, ал 2023 жылы – 8,8 млрд кВтсағ құрайтын болады.

Электр қуатының болжамды пайдаланылуы 2017 жылы 90,6 млрд кВтсағ, 2018 жылы – 93,8 млрд кВтсағ, 2019 жылы — 96,8 млрд кВтсағ, 2020 жылы – 100,6 млрд кВтсағ, 2021 жылы – 102,1 млрд кВтсағ, 2022 жылы – 103,5 млрд кВтсағ, ал 2023 жылы – 105 млрд кВтсағ болады.

Электр қуатын өндіру 2017 жылы 103,9 млрд кВтсағ жетсе, 2018 жылы – 105 млрд кВтсағ, 2019 жылы – 105,8 млрд кВтсағ, 2020 жылы – 107 млрд кВтсағ, 2021 жылы -108,2 млрд кВтсағ, 2022 және 2023 жылдары – сәйкесінше 111,6 және 113,4 млрд кВтсағ болады.

Бұл кезде жарлық мәтініне сәйкес істегі электр станциялары қысқаратын болады. Мысалы, 2017 жылы олардың саны 96 болса, 2018 жылы – 92,6, 2019 жылы – 91,6, 2020 жылы – 90,9, 2021 жылы — 90,1, 2022 жылы – 88,7, 2023 жылы – 86,6 болады.

Сонымен бірге жана электр станцияларын салу жоспарлануда. Жанартылатын қуат көздері 2017 жылы 1,4 болса, 2023 жылы – 5,6 болады.

2017 жылдың 9 айында тұтыну 71,262 млрд.кВтсағ құрады (ҚР ЭМ <http://energo.gov.kz/index.php?id=14801>).

Қазақстанның БЭЖ болжамдық тенгерімі

№ Атауы	Нақты			Болжам						
	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
1. Электр қуатын тұтыну	90,6	90,9	92,3	90,6	93,8	96,8	100,6	102	104	106
2. Электр қуатын өндіру	95,2	91,6	94,6	103,9	105	105,8	107	108	112	113
3. Істегі станциялар	92,7	90,7	87,6	96	92,6	91,6	90,9	90,1	88,7	86,6
4. Жоспарланатын	0,0	2,0	10,0	6,8	10,8	12,1	13,5	14,6	18,6	21,6
5. ЖЭК				1,4	2	2,5	3	3,9	4,7	5,6
6. Жетіспеушілік (+), артық (-)	-2,1	-0,3	0,0	-13,7	-11,6	-9,4	-6,8	-6,5	-8,5	-8,8

дереккөз: «KEGOC» деректері

<http://www.kegoc.kz/ru/elektroenergetika/elektroenergetika-kazahstana-klyuchevye-fakty/prognoznyy-balans-moshchnosti-i>

Аймақтық нарық.

Рынок Казахстана на 2016 год



Рынок Мангистауской области



(2016 жылғы Қазақстан нарығы
«МЭБК» АҚ, Электр қуатын беру және бөлу нарығы
Маңғыстау облысының нарығы
«МЭБК» АҚ, Маңғыстау облысы бойынша электр қуатын беру және бөлу нарығындағы өзге компаниялар)

ҚР облысының атауы	өндіріс				тұтыну			
	2017	2016	ауытқу (%)	млн. кВт*сағ	2017	2016	ауытқу (%)	млн. кВт*сағ
	наурыз		2017 / 2016		наурыз		2017 / 2016	
Маңғыстау облысы	429,8	450,2	-5,00%	-20,4	433,8	4,30,4	1%	3,4
Қазақстан	9198,4	80,35,2	14,50%	1163,2	8728,8	7894,1	11%	834,7

Бәсекелес ұйымдар туралы мәліметтер.

Эмитенттің қызмет түрі бойынша – Маңғыстау облысында (Ақтау қаласын санамағанда) электр қуатын беру және бөлу саласында бәсекелестері жоқ және өз аймағында монополист болып табылады.

Өз кезегінде Ақтау қаласында аталған қызмет түрін «Ақтау электр желілері басқармасы» Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны («АЭЖБ» МКК) жүзеге асырады.

Эмитент қызметі жүзеге асырылатын саланың болашақ дамуына қатысты болжам.

Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының болашағы айтарлықтай деңгейде үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сонымен қатар сыртқы ортаның құқықтық, саяси, шаруашылық, демографиялық, технологиялық және өзге факторларының әсеріне тәуелді болады.

Мейлінше айтарлықтай ықпал етуші фактор болып тарифтің мөлшері табылады. Тарифтер әкімшілік әдістермен белгіленеді және олардың деңгейі электр қуатын беруге кететін шығындармен және мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының саясатымен анықталады. Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелуші нарықтар туралы» Заңына сәйкес Қоғам 2016–2020 жылдарға электр қуатын беру және бөлу қызметтеріне шектік тарифті бекітті.

Ең маңызды ықпал етуші экономикалық фактор болып электр қуатын жүзеге асыру көлемі табылады. Мұнай мен газды өндіру көлемін өзгерту, өзге де пайдалы қазбалар орындарын игеру, Маңғыстау облысындағы қарқынды даму электр қуатын тұтыну көлемдерін анықтайды.

Эмитенттің осы саладағы жағдайы.

Эмитент «МАЭК – Қазатомөнеркәсіп» ЖШС өндіретін электр қуатын шығару көзінен тұтынушыларға дейін тасымалдаумен айналысатын ірі компаниялардың бірі болып табылады.


Маңғыстау облысы Қазақстанның қарқынды дамушы аймақтардың бірі болып табылады. Түрлі мұнай және газ өндіруші компаниялардың дамуы аймақтың инфрақұрылымының дамуына және ең алдымен электрэнергетиканың дамуына тікелей байланысты.

Эмитент Маңғыстау облысында электр қуатын беру және бөлу қызметтерін көрсету нарығында алдыңғы орында.

«МЭБК» АҚ желілері бойынша тасымалданатын электр қуатының тоқсан пайызын аймақтың ірі мұнай өндіруші компаниялары тұтынады. Қоғамның үлесіне электр қуатын беру және бөлу бойынша қазақстандық нарықтың 2% келеді. Қоғамның Маңғыстау облысындағы электр қуатын бөлу нарығындағы үлесі 90% құрайды.


2016 жылға электр қуатын негізгі тұтынушылар:

Основные потребители по состоянию на 31 декабря 2016 г.



(2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға негізгі тұтынушылар «ӨзенМұнайГаз» АҚ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаражанбасмұнай» АҚ «ҚазГПЗ» ЖШС «Қарақұдықмұнай» АҚ «ҚазТрансОйл» ҰК» АҚ «Бузачи Инк CNPS корп.» филиалы «ИЦА» АҚ «Ақтау» УМГ «АХТСП» РМК «НКОК Н.В.» ФК Жеке кәсіпкер Халық Өзге Электр қуатын беру және болу қызметтерін көрсетуші МКК, «Электржүйелері» ЖШС)

2017 жылдың 1 қарашасына электр қуатын негізгі тұтынушылар:



(«ӨзенМұнайГаз» АҚ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаражанбасмұнай» АҚ «ҚазГПЗ» ЖШС «Қарақұдықмұнай» ЖШС «ҚазТрансОйл» АҚ БФ «Бузачи Инк CNPS корп.» филиалы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ Жеке кәсіпкерлер Халық Өзге Электр қуатын беру және болу қызметтерін көрсетуші МКК, «Электржүйелері» ЖШС)

Бекітілген инвестициялық бағдарлама бойынша 2014 жылы Эмитент келесідей ірі инвестициялық жобаларға ұзақ мерзімді шарттар жасады:

- телемеханиканы және телеөлшеулерді енгізумен 6-10/0,4кВ желілерінде АСКУЭ бойынша жобаны жүзеге асыру;
- аймақтық-диспетчерлік орталық құрылысы;
- «Қаражанбас» УРПС-та 1x125МВА автотрансформатормен Ақтау-Қаражанбас ЭБЖ-220 құрылысы.

2016 жылы инвестициялық бюджетпен 9 842 244 мың теңгені игеру жоспарланған болатын, нақты игеру 9 490 952 мың теңгені (капитализацияны қоса алғанда) немесе 96 % құрады. Нәтижесінде «Телемеханиканы және телеөлшеулерді енгізумен 6-10/0,4кВ желілерінде АСКУЭ бойынша жобаны жүзеге асыру», «Аймақтық-диспетчерлік орталық құрылысы» жобалары жүзеге асырылып, енгізілді.

2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдайға жалпы сомасы 4 033 733 мың теңге немесе 103% болатын инвестициялық бюджет бойынша шаралар орындалды (капитализацияны қоса алғанда). Соның ішінде «Қаражанбас» УРПС-та 1x125МВА автотрансформатормен Ақтау-Қаражанбас ЭБЖ-220 құрылысы» жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Эмитент көлемді инвестициялық және стратегиялық мәнді инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, электр желілік инфрақұрылымның сенімді әрі тиімді қызмет етуін ұстап тұру, капитализацияның өсуі мен инвесторлар қатарының өсуі бойынша жұмысты жалғастырады.

3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатулардың (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар;

Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатулардың (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына жағымды және жағымсыз әсер ететін факторлар;

Эмитенттің негізгі қызметі бойынша сатулардың табыстылығына жағымды әсер ететін факторлар:

Эмитент аймақтың негізгі мұнай өндіруші компанияларына қызмет ететін монополист болып табылады. Эмитенттің желілері бойынша электр қуатын тұтынушылардың шамамен 90% Маңғыстау облысының ірі мұнай өндіруші компаниялары құрайды.

Бүгінде сарапшылар мен ҚР Үкіметінің бағалауы бойынша аймақтағы мұнай өндірісінің даму көрсеткіштері жоғары болып табылады. Кейбір деректер бойынша бұл аймақта орат мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңде мұнайды өндіру өсетін болады. Бұл мұнай өндіруші компаниялардың электр қуатын тұтынуын бірнеше есе ұлғайтуы мүмкін.

Эмитенттің негізгі қызмет түрі бойынша сатулардың табыстылығына жағымсыз ықпал ететін факторлар.

Эмитенттің энергетикалық инфрақұрылымының негізгі нысандарының көпшілігі өзінің ресурсын өндірудің шегінде орналасқан және үнемділіктің, сенімділік пен экологиялық қауіпсіздіктің қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін негізгі қаражатты жаңарту сұрағы туындайды. Сонымен бірге аймақта жаңа ірі кен орындарын ашу, сонымен бірге ескілерін қайта жаңғырту электр желілерін қайта құруды және кеңейтуді талап етеді.

Жөндеу және апаттық тәртіптерде қысымның қалыпты деңгейін ұстап тұру мәселесі де бар;

Ірі тұтынушылардың жеке локальді генерациялаушы қуаттылықтарды құру ықтималдығы да бар.

4) эмитенттегі лицензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен дайындау жұмыстарына кететін шығындар, соның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу жұмыстарына кететін шығындар туралы ақпарат.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі № 36-V ЗРК «Қазақстан Республикасының рұқсат беру құжаттарын азайту және мемлекеттік органдардың бақылаушы және қадағалаушы функцияларын онтайландыру сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен лицензиялауға жататын қызмет түрлері тізімінен электр және (немесе) жылу қуатын беру және (немесе) бөлу бойынша қызмет алынып тасталған.

Бұрын Қоғам ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті 11.03.2012 жылы берген 000438-13 Мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет еткен.

5) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа шығаратын (көрсететін) өнім (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардағы, қызметтердегі) жалпы көлеміндегі үлесі.

01.12.2017 жылғы жағдайға Эмитентте жеткізуші импортерлар жоқ. Өнімді экспорттау жүзеге асырылмайды.

6) эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту қаупімен байланысты сөт процестеріне эмитенттің қатысуы, эмитенттің қатысуымен өтетін сөт процестерінің негізін көрсете отырып, одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріні алу туралы мәліметтер.

Соңғы жыл бойына Эмитент пен оның лауазымды тұлғаларына мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік санкциялар салынбаған. Эмитент нәтижесінде қызметін тоқтату немесе өзгерту, 1 000 АЕК балама сомаға ақшалай және өзге міндеттемелерді салу орын алуы мүмкін сот процестеріне қатыспаған.

7) эмитенттің қызметіне әсер ететін өзге тәуекел факторлары.

Тәуекел түрі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекел деңгейі және реттеуші шаралар
Макроэкономикалық тәуекелдер	Эмитенттің қаржылық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін елдегі ықтимал макроэкономикалық өзгерістермен байланысты тәуекелдер. Мұндай тәуекелдерге Республикадағы инфляциялық процестерді, ЖІӨ өсуі қарқынының төмендеуін және т.б. жатқызуға болады.	Осы тәуекел деңгейінің төмендеуіне ҚР Үкіметі тарапынан реттеуші және тұрақтандырушы әрекеттер әсер етеді.
Саяси тәуекелдер	ҚР саяси тәртіптің ықтимал өзгеруімен байланысты тәуекелдер.	Елдегі тұрақты саяси жағдайды ескере отырсақ, мұндай тәуекел түрінің туындау ықтималдығы аз.
Тарифтердің төмендеу тәуекелі	Аталған тәуекел түрі тарифтердің ықтимал төмендеуімен байланысты, бұл өз кезегінде сатудан түсетін табыстың көлеміне әсер етеді.	Аталған тәуекел түрін Эмитент уәкілетті органмен тарифтердің оңтайлы деңгейін келісу арқылы реттейді. Себебі Эмитенттің негізгі тұтынушысы болып ірі мұнай ғаз өндіруші компаниялар табылатындықтан, Эмитент

		ұсынған қызметтер үшін төлемдерді төлемеу қаупі айтарлықтай төмен.
Бәсекелестік тәуекелі	Бәсекелес компаниялардың ықтимал күшеюімен, Эмитенттің клиенттік базасын жоғалтумен және нарықтың ағымдағы үлесінің азаюымен байланысты тәуекел.	Аталған тәуекел түрі маңызсыз ретінде сипатталады. Себебі Эмитент ірі мұнай газ компанияларына өз қызметтерін ұсынатын аймақтағы жалғыз электр қуатын тасымалдаушы компания болып табылады.
Технологиялық тәуекелдер	Құрал-жабдықтардың жедел ескіруімен және оларды ауыстыру қажеттігімен байланысты тәуекелдер түрі. Эмитенттің құрал-жабдықтарының негізгі бөлігі КСРО кезеңінде шығарылған және қазіргі кезде жаңартуды талап етеді.	Қор нарығында қаражат құралдарын тарту арқылы Эмитент ескі құрал-жабдықты біртіндеп қайта құруды немесе оны жаңасына ауыстыруды жоспарлауда.
Өндірістік тәуекелдер (форс-мажор жағдайларының туындау тәуекелдері кіреді)	Техникалық ақаулардың, апаттар мен құрал-жабдықтардың жаңылысуының туындау тәуекелдері. Эмитенттің негізгі қызметімен тікелей байланысты.	Аталған тәуекел түрін Эмитент негізгі міндеті аталған жағдайлардың алдын алу немесе олардың Эмитент қызметіне жағымсыз ықпалын азайту болып табылатын арнайы құрылған сервистік қызмет арқылы реттейді.
Әлеуметтік тәуекелдер	Сервистік компания ретінде, Эмитент айтарлықтай деңгейде білікті қызметкерлерге тәуелді болады.	Тәуекелдердің аталған түрін Эмитент еңбекақыны уақытылы төлеу, ынталандыру жүйесін енгізу, сонымен бірге өз қызметкерлері үшін оңтайлы жағдайлар жасау арқылы төмендетуде.

13. Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер, өл шығаратын немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын көлемі туралы мәліметтер.

Тұтынушылар

01.12.2017 ж.

№	Атауы	Жеткізу түрі	Жалпы сату көлеміндегі үлесі
1	«Өзенмұнайгаз» АҚ	Электр қуатын беру және бөлу	30,33%
2	«КазГПЗ» ЖШС	Электр қуатын беру және бөлу	9,48%
3	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	Электр қуатын беру және бөлу	8,80%
4	«Қаражанбасмұнай» АҚ	Электр қуатын беру және бөлу	9,94%
5	«Қаракұдықмұнай» ЖШС	Электр қуатын беру және бөлу	5,11%
6	«Бузачи Оперейтинг Лтд» КФ	Электр қуатын беру және бөлу	5,34%

7	«Электржүйелері» ЖШС	Электр қуатын беру және бөлу	7,65%
---	----------------------	------------------------------	-------

Жабдықтаушылар

01.12.2017 ж.

№	Атауы	Жеткізу түрі	Жалпы үлесі
1	ЖШС "Smart Engineering Group"	Қосалқы станциялардағы жабдықты жаңғырту / қайта құру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу	14,86 %
2	ЖШС "ABC-Құрылыс сервис"	Электр желілерін салу; Электрлік, электрлік тарату / реттеу жабдығын жөндеу / реконструкциялау бойынша жұмыстар	35,32%
3	ЖШС "Шаңырақ 2030 құрылыс компаниясы"	Қосалқы станциялардағы күштік трансформаторларды ауыстыру	5,33 %
4	ЖШС "Мангистауский атомный энергетический комбинат-Казатомпром"	Электр энергиясы	20,40 %
5	Басқа	Тауарлар / жұмыстар / қызметтер	24,09%

4 тарау. ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Осы бөлімдегі ақпарат аудиторлармен расталған 2015-2016 жылдарға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік және 2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша аудиттелмеген аралық қаржылық есептілік негізінде дайындалды.

26.03.2009 жылғы эмитенттің акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту Қазақстан №А2460 Республикасы Ұлттық Банкінің хабарлама сәйкес 1.756.762 мың теңге сомасында қалыптасты жарғылық капиталы. Сонымен қатар, «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС, сондай-ақ 31.09.2017 жылғы жағдай бойынша қаржылық есептілігін өндірілетін аудиторлық есеп, сәйкес, жарғылық капиталдың мөлшері 1.712.762 мың теңге есебінен, бұл 2007 жылы IAS 32 «Қаржы сәйкес фактісі құралдары: ақпаратты ұсыну», эмитент осылайша жарғылық капиталдың жалпы сомасын түзету, 44,000 мың теңге сомасына артықшылықты акцияларды жауапкершілігі компоненттің әділ құнын бөлінген.

14. Әрбір активтің сәйкес теңгерімдік құнын көрсетумен, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

30.09.2017 жылғы жағдайға.

Активтің атауы	Теңгерімдік құны, мың теңге	Эмитент активтерінің жалпы көлеміндегі үлесі, %
Машиналар және құрал-жабдық	28 841 696	70,9
Ғимараттар және құрылымдар	1 646 363	4,0
Көлік құралдары	223 558	0,6
Өзге	184 819	0,5
Аяқталмаған құрылыс	7 987 321	19,6
Барлығы	38 883 757	95,6%

15. Эмитент активтерінің теңгерімдік құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын дебиторлық берешек:

1) эмитент алдындағы берешегі эмитент активтерінің теңгерімдік құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы;

2) өтеуге тиісті сәйкес сомалар (жуық арадағы 12 (он екі) айда тоқсан сайын болінеді, қалған сомалар өтеу күнін корсетумен жылдарға бөлінін корсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

30.09.2017 жылғы жағдайға.

Дебитордың атауы	Берешек, мың теңге	Өтеу мерзімдері, мың теңге
"Электр жүйелері" ЖШС	99 477,24	10.2017
«МанғышлакЭнергоСбыт» ЖШС	20 755,6	10.2017
«ӨзенЖылу» МКК	18 325,3	10.2017
Қаракия аудандық ПХВ "Тұрмыс-Сервис" МКК	16 679,74	10.2017
"Баута" АҚ	12 017,25	10.2017
Форт-Шевченко халқы	11 264,5	10.2017
"БейнеуЭнергоСервис" МКК	8 731,96	10.2017
Қызыл Төбе халқы	6 570,03	10.2017
Ақтау қ. әкімдігінің ШЖҚ «АУЭС» МКК	5 680,5	10.2017
ШЖҚ МАНГИСТАУЭНЕРГО МКК	5 614,37	10.2017
Жетібай халқы	5 410,04	10.2017
"Теміржолэнерго" ЖШС	4 998,84	10.2017
Жаңаөзен халқы	4 887,45	10.2017
"Дженгіз Иншаат Санайи Ве Тиджарет Аноним Ши АҚФ	4 764,15	10.2017
Шетпе халқы	4 532,32	10.2017
"ДАРИЯ" МКК	4 234,17	10.2017
"ЕРСАЙ Каспиан Контрактор" ЖШС	3 642,32	10.2017
"Коммуналдық қызмет" МКК	3 534,93	10.2017
ЖК Мусаев Ахмед Мағомедович	2 296,79	10.2017
Өзге	77 783	10.2017
Барлығы	322 200	10.2017

16. Эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын эмитент активтерінің жалпы колемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент активтері:

1) эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын активтердің сәйкес құнын корсетумен эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын эмитент активтерінің атауы;

2) осындай әрбір активті бағалау күні, бағалаушының атауы;

3) сәйкес шарттардың әрекет етуінің аяқталу күні.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайға Эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтер Эмитентте жоқ.

17. Сенімгерлік басқаруға тапсырылған эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент активтері:

1) сенімгерлік басқаруға тапсырылған активтердің сәйкес құнын көрсетумен, сенімгерлік басқаруға тапсырылған эмитент активтерінің атауы;

2) осындай әрбір активті бағалау күні, бағалаушының атауы;

3) сәйкес шарттардың әрекет етуінің аяқталу күні.

2017 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайға Эмитенттің сенімгерлік басқаруға тапсырылған эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтер Эмитентте жоқ.

18. Эмитенттің міндеттемелерінің теңгерімдік құнының 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

1) эмитент кредиторларының атауы;

2) өтелетін сәйкес сомалар (жуық арадағы 12 (он екі) айда тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдарға бөлініп көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

30.09.2017 жылғы жағдайға

Несие берушінің атауы	Өтелетін сома (тоқсан сайын), мың теңге	Берешек себебі	Өтеу мерзімі
"АВС-Құрылыс сервис" ЖШС	80 168	Ақтау-Қаражанбас ЭБЖ-220 құрылысы, ЭБЖ-110кВ ПС "ӨЗЕН" ПС "ПЛАТО" дейін құрылысы	Қазан 2017ж.
"БАТЫС ПАУЭР" ЖШС	23 638	желілердегі сатып алу және жоғалтулар	Қазан 2017ж.
"Манғыст. Ат. Энергет. Комб. Қазатомөнеркәсіп" ЖШС	346 890	желілердегі сатып алу және жоғалтулар және біріккен қызмет	Қазан 2017ж.
"МегаКонтакт" ЖШС	53 083	Жинау қондырғысы және сымсыз қосу құралы	Қазан 2017ж.
ЖК "Automatic Systems"	4 200	Бағдарламалық қамсыздандыруға қызмет көрсету	Қазан 2017ж.
"Best Service-2007" ЖШС	2 854	Әуебилеттері	Қазан 2017ж.
"Компания Телемост" ЖШС	4 453	ТМЗ	Қазан 2017ж.
"Медпрофилактика" ЖШС	3 669	Қызметкерлерге ауысым алды және ауысымнан кейін медициналық куәландыру қызметтері	Қазан 2017ж.
«Каз Метро Стандарт» ҰӨ» ЖШС	14 168	Өлшеу құралдарын тексеру	Қазан 2017ж.
«Легион» Күзет агенттігі» ЖШС	15 334	Күзет агенттігі	Қазан 2017ж.
"Темірбетон" ЖШС	13 489	ТМЗ	Қазан 2017ж.

"Айком LTD" ЖШС	13 196	ТМЗ	Қазан 2017ж.
"Ақылтас" ЖШС	15 699	көлік қызметтері	Қазан 2017ж.
Өзге	49400		
Барлығы	640 241		

19. Эмитент левереджінің көлемі.

Эмитент левереджінің көлемі

	2017 жылғы 30 қыркүйек	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
Левередж	0,80	0,84	0,54

20. Аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілікке сай сөңғы аяқталған қаржылық жылға эмитент қызметінен алынған ақшалай қаражаттың таза ағындары.

мың теңге

	31.12.2016 ауд.
Операцялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза қозғалысы, соның ішінде	3 238 492
<i>Операциялық тоқтатылған қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза қозғалысы</i>	-
Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражатты пайдалану, соның ішінде	-9 301 624
<i>Инвестициялық тоқтатылған қызметтен түсетін ақшалай қаражатты пайдалану</i>	-
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі, соның ішінде	5 769 414
<i>Қаржылық тоқтатылған қызметтен ақшалай қаражаттың түсуі</i>	-
Валюталық бағамдардың өзгеруінің ақшалай қаражат пен олардың баламаларына әсері	-
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза азаюы	-293 718
Тоқтатылған қызметтен ақшалай қаражат пен олардың баламаларының таза азаюы	-
Жылдың басына ақшалай қаражат және олардың баламалары	1 126 757
<i>Тоқтатылған қызмет бойынша жылдың басына ақшалай қаражаттар және олардың баламалары</i>	-
Жылдың соңына ақшалай қаражат және олардың баламалары	833 039
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша жылдың соңына ақшалай қаражат және олардың баламалары	833 039
<i>Тоқтатылған қызмет бойынша жылдың соңына ақшалай қаражат және олардың</i>	-

5 тарау. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

21. Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

22. Айналым мерзімі өткен эмитентпен бұрын шығарылған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде аталған облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың сан мен түрі, сонымен бірге облигацияларды шығару көлемі, облигациялар бойынша жиналған және төленбеген сыйақы сомасы көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

23. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша көрсетілетін мәліметтер

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

24. Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

25. Төлем агенті туралы мәліметтер (болған кезде)

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

26. Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заңына сәйкес эмитенттің қор биржасының ресми тізіміне эмиссиялық құнды қағаздарды қосу және табу сұрақтары бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету шартын жасау бойынша эмитенттің міндеті белгіленген жағдайда көрсетілетін мәліметтер

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

27. Облигация ұстаушысына берілетін құқықтар

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

28. Эмитент облигациялары бойынша дефолттың туындауы туралы жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

29. Опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік беретін болса, опционды жасау шарттарын көрсетумен, опциондар туралы ақпарат

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

30. Облигацияларды өтеу мезетіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

31. Эмитентпен қабылданған және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңымен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитенттің органының шешімімен көзделмесе).

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

32. Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдалану:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

33. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржылық компанияның облигацияларды шығаруы кезінде қосымша көрсетілетін мәліметтер

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

34. Секьюритизация кезінде арнайы қаржылық компания облигацияларды шығару кезінде қосымша көрсетіледі

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

35. Осы қосымшаның 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33 және 34 тармақтары облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

36. Облигацияларды шығару анықтамалығында (облигациялық бағдарлама анықтамалығы) инвесторларға арналған келесі ақпарат көрсетіледі:

1) осы облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдау күніне дейін эмитенттің қарыздық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарулары туралы мәліметтер

Шығару нөмірі	Уәкілетті органда шығаруды тіркеу күні е	НИН Облигациялар түрі	Облигациялар саны	Ағаулы қуи бойынша шығару көлемі	Орналасырылған облигациялардың саны	2017 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша қарыздық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	2017 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы
1 (бірінші облигациялық бағдарлам адан тыс)	22.12.03 ж.	НИН KZSKY03B047 Қупондық облигациялар	560 900 000 дана	560 900 000 тенге	560 900 000 дана	560 900 000 тенге	2 18 751 000 тенге
2	27.07.2005 ж.	НИН KZPC1Y05B665 Қупондық облигациялар	500 000 000 дана	500 000 000 тенге	500 000 000 дана	500 000 000 тенге	308 123 530 тенге
3	31.08.2006 ж.	НИН KZPC2Y05B665 Қупондық облигациялар	700 000 000 дана	700 000 000 тенге	700 000 000 дана	700 000 000 тенге	402 075 420 тенге
	19.03.2007 ж.	НИН KZPC3Y05B663 Қупондық облигациялар	500 000 000 дана	500 000 000 тенге	500 000 000 дана	500 000 000 тенге	292 696 680 тенге

4	21.01.2008 ж.	НИН KZPC4Y05B661 Қупондық облигациялар	800 000 000 дана	800 000 000 теңге	800 000 000 дана	800 000 000 теңге	633 314 120 теңге
5	10.03.2009 ж.	НИН KZP05Y05B662 Қупондық облигациялар	800 000 000 дана	800 000 000 теңге	800 000 000 дана	800 000 000 теңге	618 112 800 теңге
6	26.04.2013 ж.	НИН KZP06Y10B660 Қупондық облигациялар	1 700 000 000 дана	1 700 000 000 теңге	1 680 000 000 дана	1 601 763 706,67 теңге	537 180 000 теңге
7	16.06.2014 ж.	НИН KZP07Y10B668 Қупондық облигациялар	2 400 000 000 дана	2 400 000 000 теңге	2 372 220 000 дана	2 380 920 403,14 теңге	639 203 400 теңге
8	04.08.2015 ж.	НИН KZP08Y10B666 Қупондық индекстелген облигациялар	2 464 500 000 дана	2 464 500 000 теңге	2 464 500 000 дана	2 549 037 925,60 теңге	534 960 210,43 теңге
Коммерциялық облигациялар	02.06.2017 ж.	НИН KZC0Y01F525 12 айға дейінгі жүгіну мерзімімен қупондық облигациялар	1 500 000 дана	1 500 000 000 теңге	1 500 000 дана	1 505 251 500,00 теңге	0,00 теңге

Бұрын шығарылған қарыздық бағалы қағаздарды сатып алу жүргізілген жоқ

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері мен орындауды кешіктіру мерзімдері, есептелген, алайда төленбеген құнды қағаздар бойынша сыйақы сомалары туралы (түрлер және шығарылымдар бойынша бөлек) ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің құнды қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру)).

Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамауы фактілері жоқ.

Құнды қағаздардың қандай да бір шығарылымы уақытша тоқтатылса немесе күші жойылса немесе болмаған деп танылса, осындай шешім қабылдаушы мемлекеттік орган, қабылдау негіздемесі және күні көрсетіледі.

Эмитентте уақытша тоқтатылған, болмаған деп танылған немесе күші жойылған құнды қағаздар шығарылымы жоқ.

Сауда-саттықтардың ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда, эмитенттің құнды қағаздары айналатын нарықтар

Эмитенттің құнды қағаздарын сату биржалық, сонымен бірге биржадан тыс нарықтарда жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған нарықта Эмитенттің құнды қағаздары саудасы келесі сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде жүзеге асырылады:

«Қазақстан қор биржасы» АҚ.

ұстаушыларымен айналымға енгізілген бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түріне берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенанттар) бұзған кезде туындаған және ұстаушылармен жасалған құнды қағаздарды сату сатып алу шарттарымен көзделген құқықтар (ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсетумен).

Облигация ұстаушылар құқылы:

- облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алуға;
- анықтамалықпен көзделген мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақыны Эмитенттен алуға;
- облигацияларды еркін беруге және өзге әдіспен иесіздендіруге;
- заңнамамен және облигацияларды шығару анықтамалығымен көзделген тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте және жағдайларда Эмитентке өз талаптарын қанағаттандыруға;
- облигацияларды иеленуге, пайдалануға және басқаруға;
- анықтамалықпен көзделген жағдайларды қоспағанда, облигация ұстаушылар облигацияларды сатып алуды талап етуге құқысыз.

Аталған шығарылым облигацияларын ұстаушылардың Эмитент облигацияларды шығару анықтамалығымен көзделген міндеттемелері мен шектеулерді (ковенанттар) сақтаған кезде Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы көзделмеген.

Облигация ұстаушылар Эмитент облигация шығару анықтамалығының тармақтарымен көзделген шарттарды бұзған жағдайда облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

2) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге, эмитент жарғысының көшірмелерін, облигация шығарылым анықтамалығын (облигациялық бағдарлама анықтамалығы) танысу үшін алу орындары

Мүдделі тұлғалар Эмитент жарғысының көшірмесімен, осы Анықтамалықпен, сонымен бірге осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында таныса алады - www.kase.kz.

3) эмитент жарғысына сәйкес эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары

Қоғам қызметі туралы ақпарат акционерлерге www.mrek.kz WEB-сайтында осындай ақпарат пайда болған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жариялау арқылы жеткізіледі.

Егер жоғарыда аталған WEB-сайты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай болмаса немесе бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талаптарға сай болмаса, жариялау үшін Қоғам анықтайтын баспа басылымдары қолданылады.

4) сәйкес аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілігін көрсетумен, соңғы 2 (екі) аяқталған қаржылық жылда эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Эмитенттің 2015, 2016 жылдары қаржылық есептілігінің аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді.

Толық атауы:	«ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Лицензия	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005 Бас мемлекеттік лицензиясы
Занды және нақты мекен жайы:	050059, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 34, «А» блоғы, 4 қабат
Бірінші жетекші:	Бекенов Ж.Т.
Ұйымдардағы мүшелік:	«Қазақстан Республикасы аудиторларының палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымның мүшесі

5) эмитенттің облигацияларды шығаруға және оларға қызмет көрсетуге кеткен шығындарының сомасы, сонымен бірге бұл шығындардың қалай төленетіндігі туралы мәліметтер:

Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу мүмкіндіктері туралы алдын ала қорытындыны беру үшін листингтік алым	100 АЕК
Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарау үшін листингтік алым	Облигацияларды шығарудың номиналды құнының 0,025 пайызы (минимальді мөлшері 100 АЕК, максимальді – 1 000 АЕК құрайды)
Облигациялардың бір шығарылымын «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне қосу үшін кіру листингтік алымы	Облигацияларды шығарудың номиналды құнының 0,025 пайызы (минимальді мөлшері 100 АЕК, максимальді – 3 000 АЕК құрайды)
Облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде әрбір болған жылы үшін жыл сайынғы листингтік алым	Облигацияларды шығарудың номиналды құнының 0,025 пайызы, алайда 100 АЕК кем емес және 2000 АЕК жоғары емес
«Құнды қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ бір облигация шығарылымына CFI кодын беру тарифі	5 АЕК
Облигация ұстаушылардың өкілінің қызметтері	келіссөздік тәртіппен анықталады

Маркет-мейкер қызметтері	келіссөздік тәртіппен анықталады
Облигацияларды шығарумен байланысты құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының өзге қызметтері	ішкі құжаттарға және/немесе келіссөздік тәртіпке сәйкес қызметтердің нақты көрсетілуіне қарай анықталады.

Егер ресми тізімде облигациялардың бірнеше шығарылымы болатын болса, жыл сайынғы листингтік алым жалпы номиналды құны ең жоғары болатын облигация шығарылымы бойынша есептеледі. Өзге шығарылымдар бойынша 100 АЕК мөлшерінде жыл сайынғы алым есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген шығындар көрсетілген қызметтер үшін есеп шоттарды беру фактісі бойынша Эмитенттің ағымдағы шығындары есебінен қолма қол ақшасыз тәртіппен төленетін болады.

Басқарма Төрағасы



Игисинова С.Ж

Бас бухгалтер



Сарсенова А.С.

Прошито и пронумеровано

на 45 листов

Председатель Правления

[Signature]
С. Игиснинова

Начальник УФИНУ

[Signature]
А. Сарсенорд



Қазақстан Республикасы
Республикалық мемлекеттік ұйымы
ТІРКЕДІ
[Signature]
2018 ж. « 5 қаңтар »



СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

5 января 2018 года

город Алматы

№ F74

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпуска второй облигационной программы Акционерного общества «Мангистауская распределительная электросетевая компания» (Республика Казахстан, 130000, Мангистауская область, город Актау, район птицефабрики), перерегистрированного Департаментом юстиции Мангистауской области 16 мая 2005 года за номером 507-1943-АО, бизнес-идентификационный номер 920440000302.

Объем выпуска облигационной программы составляет 14.000.000.000 (четырнадцать миллиардов) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером F74.

Заместитель Председателя



Курманов Ж.Б.

Серия С

№ 0001934



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2018 жылғы 5 қаңтар

Алматы қаласы

№ F74

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Маңғыстау облысының Әділет департаменті 2005 жылғы 16 мамырда 507-1943-АҚ нөмірмен қайта тіркеген бизнес-сәйкестендіру нөмірі 920440000302 «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» (Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, құс фабрикасы ауданы) акционерлік қоғамының екінші облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеді.

Облигациялық бағдарламаның шығарылу көлемі 14.000.000.000 (он төрт миллиард) теңге болады.

Шығару Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне F74 нөмірімен енгізілген.

Торағаның орынбасары



Құрманов Ж.Б.

Серия С

№ 0001934

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

05.01.17 № 33-11-05/66



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**АО «Мангистауская
распределительная электросетевая
компания»**

**130000, Мангистауская обл.,
г. Актау, здание АО «МРЭК»,
а/я 250, тел. 200201**

**О государственной регистрации выпуска облигационной программы
и первого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы**


Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпусков облигационной программы и первого выпуска облигаций в пределах второй облигационной программы АО «Мангистауская распределительная электросетевая компания» и направляет свидетельства о государственной регистрации выпусков облигаций и по одному экземпляру проспектов с отметкой об их регистрации.

Напоминаем о необходимости представления в уполномоченный орган отчетов об итогах размещения облигаций в сроки, установленные пунктом 2 статьи 24 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг».

Вместе с тем, в целях обеспечения оценки эффективности деятельности Национального Банка Республики Казахстан и повышения качества оказываемых государственных услуг, просим заполнить прилагаемую карточку оказания государственной услуги. Данная карточка заполняется первым руководителем (либо лицом, его замещающим) и подлежит возврату в уполномоченный орган в течение пятнадцати календарных дней с даты получения.

Кроме того, обращаем внимание на то, что в случае принятия решения о выпуске облигаций, облигационной программы и выпуска облигаций в пределах облигационной программы, услугополучатель в соответствии со

№ 0069933



Стандартом государственной услуги «Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций», утвержденным постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 30.04.2015г. № 71, имеет возможность получения указанной государственной услуги в электронной форме через веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz

Заместитель Председателя



Курманов Ж.Б.

Исполнитель: Адилкулова Г.С.,
тел.: 2788081